

"Кең дала" акционерлік қоғамының ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу жөніндегі инвестициялық жобасын жүзеге асыру туралы<*> ЕСКЕРТУ. Қаулының атауына өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.09.23. N 1155 қаулысымен. ~P961155

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 14 қыркүйек 1994 ж. N 1022

Дәнді дақылдар мен мақта жинау комбайндарына деген асқан ділгерлікке байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Америкада жасалған 630 дәнді дақылдар жинау комбайнын, 100 мақта жинау комбайнын, қосымша жабдықтарымен, қосалқы материалдарымен, босалқы бөлшектерімен қоса сатып алу жөнінде, сондай-ақ мамандарды оқыту мен сервистік қызметті ұйымдастыру жөнінде 114803303 АҚШ доллары сомасына "Кең дала" акционерлік қоғамы мен Американың "Джон Дир Экспорт" компаниясының "Deere Company" бөлімшесі арасында жасалған контракт мақұлданын.<*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.09.23.

N 1155 қаулысымен.

2. Американың "Джон Дир" компаниясының жабдықтарды жеткізуі АҚШ-тың Эксимбанкі беретін кредиті шеңберінде қаржыландырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі комбайндарды беру жобасын қолданылып жүрген орта мерзімді (5 жылдан кем емес) АҚШ кредит желісіне қоссын және осы қаржыландыруға байланысты барлық міндеттемелер бойынша АҚШ Эксимбанкке 85 процентке және ABN AMRO Bank Kazakstan Ltd және Deutsche Bank AG (Нью-Йорк қаласындағы филиал) ұйымдастырушыларына 15 процентке үкіметтік кепілдеме берілсін және АҚШ Эксимбанкімен және ABN AMRO Bank Kazakstan Ltd және Deutsche Bank AG (Нью-Йорк қаласындағы филиал) ұйымдастырушыларымен тиісті кредиттік келісім жасайтын болсын.<*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.09.23.

N 1155 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі ауыл шаруашылығы жабдықтарын жеткізу жөнінде жасалған контрактіге сәйкес АҚШ Эксимбанкімен және ABN AMRO Bank Kazakstan Ltd және Deutsche Bank AG (Нью-Йорк қаласындағы филиал) ұйымдастырушыларымен 114335340 АҚШ доллары сомасында кредит бөлінуіне кредиттік келісім жасайтын болсын.<*>

Ескерту. 4-ші тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРМК-нің

1995.05.24. N 734 қаулысымен.

5. "Кең дала" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының мемлекеттік

Экспорт-импорт банкі кредиттік келісім жасасын және кредиттің, проценттердің, комиссияның және барлық банктік шығындардың сомаларын түгел өтеу жөнінде қажетті кепілдік берсін.<*>

Ескерту. 5-ші тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРМК-нің
1995.05.24. N 734 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.09.23. N 1155
қаулысымен.

6. "Кең дала" акционерлік қоғамы экспортқа берілетін астық есебінен проценттік өсім мен қосалқы шығындарды ескере отырып, алынған кредиттің белгіленген мерзімде өтелуін қамтамасыз етсін.<*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.09.23.
N 1155 қаулысымен.

7. "Кең дала" акционерлік қоғамы сатып алынатын ауыл шаруашылығы машиналарын пайдалана отырып, "Джон Дир" (БК) компаниясының дистрибьютерімен меншіктің әртүрлі нысанындағы селолық тауар өндірушілерге кешенді қызмет көрсету жөніндегі фирмалық техникалық орталықтардың, механикаландырылған отрядтардың жүйесі бар ақылы негізде бірлескен кәсіпорын ұйымдастырсын. Бірлескен кәсіпорын инвесторының механизатор кадрларын оқыту мен даярлауды 100 процент қамтамасыз етуге және сатып алынатын комбайндарды 1995 жылғы егін орағы кезеңінде жанар-жағармаймен толық қамтамасыз етуге міндеттенетіні қаперге алынсын.<*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.09.23.
N 1155 қаулысымен.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Экспорт-импорт банкі АҚШ Эксимбанкімен және ABN AMRO Bank Kazakstan Ltd және Deutsche Bank AG (Нью-Йорк қаласындағы филиал) тең ұйымдастырушылармен комбайндар беруге жасалған контрактіге сәйкес 85 процент (негізгі сома) және 15 процент (аванстық төлем) қаржыландыру үшін 114 803 303 (жүз он төрт миллион сегіз жүз үш мың үш жүз үш) АҚШ доллары сомасына кредит бөлу туралы кредиттік келісім жасасын.<*>

9. "Кең дала" акционерлік қоғамына "Қазақстан Республикасының кепілдіктерін есепке алуды реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 16 қарашадағы N 1300 қаулысында көзделген Қазақстан Республикасының кепілдіктерін бергені және тіркегені үшін біржолғы міндетті төлем жасауға ерекшелік ретінде, аккредитивті игере бастағанда, бірақ 1997 жылдың 10 мамырынан кешіктірмей рұқсат етілсін.<*>

10. "Джон Дир Экспорт" компаниясы, "Кең дала" акционерлік қоғамы және " Сельхозмаш" акционерлік компаниясы арасында жасалған келісімде "Deere & Company" компаниясының астық жинайтын комбайндарын бірлесіп шығаруды ұйымдастыру көзделгені назарға алынсын.<*>

11. Қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ауыл

шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.
ЕСКЕРТУ. Қаулы 8,9,10-тармақтармен толықтырылды, 8-тармақ
11-тармақ болып саналды - ҚРҰ-нің 1996.09.23.
N 1155 қаулысымен. P961155_
Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК